

Мақат ауданының коммуналдық меншігіндегі мүліктерін жекешелендіру туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 қазандағы № 232 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 қарашада № 3342 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 мамырдағы № 95 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 31.05.2017 № 95 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18 бабына және "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктер осы қаулының қосымшасына сәйкес жекешелендірілсін.

"Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің уақытша
міндетін атқарушы*

Ж. Мүсепов

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы "26"
қазандағы № 232 қаулысына қосымша

Жекешелендіруге жататын Мақат аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктердің тізбесі

№	Мүліктердің атауы	Шығарылған жылы	Теңгерім ұстаушы
1	ВА3-21213 автокөлігі, тіркеу нөмірі 938 АК 06	2001	"Мақат аудандық Байшонас поселке әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі

2	BA3-21213 автокөлігі, тіркеу нөмірі 914 АК 06	2001	"Мақат аудандық Байшонас поселке әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі
3	BA3-212300 Шевроле Нива автокөлігі, тіркеу нөмірі 931 АК 06	2007	"Мақат аудандық Байшонас поселке әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі
4	BA3-212300 Шевроле Нива автокөлігі, тіркеу нөмірі 818 АК 06	2007	"Мақат аудандық Мақат кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
5	Волга Газ-3102 автокөлігі, тіркеу нөмірі 830 АК 06	1999	"Мақат аудандық Доссор кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
6	BA3-21213-202 автокөлігі, тіркеу нөмірі E 715 BX	2005	"Мақат аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі
7	BA3-212300 Шевроле Нива автокөлігі, тіркеу нөмірі E 432 BW	2007	"Мақат аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»
Министерства юстиции Республики Казахстан